

ХАТТАМА №3
Бракераж комиссиясының отырысы
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының Қостанай қаласы білім бөлімінің «№7
бөбекжай-бақшасы» КМҚК 2025–2026 оқу жылына

2026 жылғы 14 сәуір

Қатысқандар: 5 адам

Бракераж комиссиясының төрайымы: Елекеева Л.Р., директор.

Комиссия мүшелері:

Виденчук Д.Г. – Қамқоршылық кеңес ата-аналарының төрағасы;

Комарова Д.В. – бракераж комиссиясының мүшесі, әдіскер;

Шумультурова Г.К. – бракераж комиссиясының мүшесі, бас бухгалтер;

Руденко Ю.С. – бракераж комиссиясының мүшесі, медицина қызметкері.

Шақырылғандар:

Мусина Э.К. – аспазшы;

Кривопляс Э.Я. – қоймашы.

Ата-аналар:

Прокофьева В.А.;

Смиян Е.А.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қоймадағы азық-түлік тауарларының сәйкестік сертификаттары мен хаттамаларын талдау, қоймадағы азық-түлік өнімдерінің ассортименти.
2. Мәзір-талаптарды құрастыру.
3. Топтарда тамақтану нормаларының орындалуын бақылау.

ОТЫРЫС БАРЫСЫ

Бірінші мәселе бойынша

Комиссия тарапынан мекеме қоймасында сақтаулы тұрған азық-түлік өнімдеріне талдау жүргізілді. Азық-түлік өнімдеріне қатысты ілеспе құжаттардың, атап айтқанда, сәйкестік сертификаттарының, сәйкестік туралы декларациялардың, ветеринариялық құжаттардың және тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын өзге де құжаттардың болуы тексерілді.

Өнімдердің жарамдылық мерзімдері, сақтау жағдайлары, қаптамаларының бүтіндігі, өнімдердің таңбалануы, сондай-ақ өнімдердің нақты бар болуының қоймалық есеп деректеріне сәйкестігі тексерілді.

Азық-түлік өнімдерінің белгіленген сақтау жағдайларын сақтай отырып сақталатыны анықталды. Өнімдер түрлері бойынша, жарамдылық мерзімдерін және тауарлық көршілестік талаптарын ескере отырып орналастырылған.

Қоймадағы азық-түлік өнімдерінің ассортименти балаларды әртүрлі және құнарлы тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Қоймада негізгі азық-түлік топтары: ет, балық, сүт өнімдері, жарма, макарон өнімдері, көкөністер, жемістер, нан-тоқаш өнімдері және мәзірде көзделген басқа да өнімдер бар.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қоймадағы азық-түлік өнімдерінің сақталуы мен ассортименти қанағаттанарлық деп есептелсін. Азық-түлік өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін, сақтау жағдайларын, таңбалануын және өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болуын тұрақты түрде бақылау жалғастырылсын.

Орындаушылар: Руденко Ю.С., Кривопляс Э.Я. Орындау мерзімі: тұрақты.

Екінші мәселе бойынша

Мәзір-талаптар қарастырылды. Мәзірді құрастыру кезінде балалардың жас ерекшеліктері, тамақтану тәртібі, тағамдардың әртүрлілігі, әртүрлі азық-түлік топтарына жататын өнімдерді пайдалану, сондай-ақ белгіленген тамақтану нормаларының орындалуы ескеріледі.

Нақты пайдаланылатын азық-түлік өнімдерінің бекітілген мәзірге сәйкестігіне талдау жүргізілді. Күн ішінде тағамдардың дұрыс үйлесіміне, дайын тағамдардың шығымына қойылатын талаптардың сақталуына және мәзір-талапқа сәйкес қажетті өнімдердің пайдаланылуына назар аударылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Мәзір-талаптар бекітілген перспективалық мәзірді, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тамақтану нормаларын және қолда бар азық-түлік өнімдерінің ассортиментін ескере отырып

құрастырылсын. Тағамдардың әртүрлілігі және азық-түлік өнімдерін ұтымды пайдалану қамтамасыз етілсін. Орындаушылар: Руденко Ю.С. Орындау мерзімі: тұрақты.

Үшінші мәселе бойынша

Комиссия тарапынан топтарда балалардың тамақтану нормаларының орындалуына бақылау жүргізілді. Балалардың мәзірде көзделген азық-түлік өнімдері мен тағамдарды нақты алуы, порциялардың көлемі, тамақтану тәртібінің сақталуы, сондай-ақ нақты берілген тағамдардың мәзір-талаптағы мәліметтерге сәйкестігі тексерілді.

Өлшеу нәтижелерін талдау төмендегідей нәтижелерді көрсетті:

	«Айгөлек» тобы (2–3 жас)		«Айналайын» тобы (5–6 жас)	
	Порция салмағының нормасы	Нақты шығымы	Порция салмағының нормасы	Нақты шығымы
Салат	40	41	50	53
Бірінші тағам	150	151	200	202
Екінші тағам	150	150	180	182
Компот	150	150	180	180
ЖИЫНЫ	490 грамм	492	610 грамм	617

Дайын тағамдарды өлшеу нәтижесінде кіші топта порция салмағы нормасының 2 грамға, мектепалды топта 7 грамға артық екені анықталды.

Бақылау нәтижелері бойынша балалардың тамақтануы бекітілген мәзірге сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды. Дайын тағамдарды тарату белгіленген порция көлемдеріне және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізіледі.

Бекітілген мәзірден немесе тамақтану нормаларынан ауытқулар анықталған жағдайда жауапты тұлғалар оларды жою бойынша тиісті шаралар қабылдауы және бақылау нәтижелерін белгіленген тиісті құжаттамаға енгізуі қажет.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Топтарда балалардың тамақтану нормаларының орындалуына, нақты тамақтанудың бекітілген мәзірге сәйкестігіне және белгіленген порция көлемдерінің сақталуына күнделікті бақылау жалғастырылсын.

Орындаушылар: Руденко Ю.С. Орындау мерзімі: тұрақты.

Тексеру барысында Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен бракераж комиссиясының мүшелеріне азық-түлік өнімдері сақталатын қойма көрсетіліп, тамақ блогына тексеру жүргізілді.

Шақырылған ата-аналар көкөністердің, ет өнімдерінің және сүт өнімдерінің сапасына сәйкестік сертификаттарын тексерді. Барлық құжаттар талаптарға сәйкес келеді, өнімдердің жарамдылық мерзімдері сақталған.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Елекеева Л.Р., бракераж комиссиясының төрайымы, азық-түлік өнімдеріне берілген сәйкестік сертификаттарына тұрақты бақылау жүргізсін.

Кривопляс Э.Я. және Руденко Ю.С. азық-түлік өнімдерінің сапасын, қауіпсіздігін және сақтау жағдайларын бақыласын, азық-түлік өнімдеріне қатысты ілеспе құжаттардың болуын және олардың өзектілігін қадағаласын.

Руденко Ю.С., медицина қызметкері, мәзір-талаптарды құрастыру кезінде балалардың тамақтануының әртүрлілігі мен теңгерімділігін қамтамасыз етсін, тамақтану нормаларының орындалуына және нақты тамақтанудың бекітілген мәзірге сәйкестігіне жүйелі бақылау жүргізсін.

Анықталған кемшіліктерді уақтылы жойып, бақылау нәтижелерін белгіленген құжаттамаға енгізісін.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Бракераж комиссиясының төрайымы:

Елекеева Л.Р.

Бракераж комиссиясының мүшелері:

Виденчук Д.Г.

Комарова Д.В.

Шумультурова Г.К.

Руденко Ю.С.